

Ш. Ә. Рамазанова

ЖӘРКЕН БӨДЕШҰЛЫ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ
ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ

Ақынның табиғат туралы топтамаларында да тұтастық сезіледі, жел туралы, көл туралы жазса да жалғасты желісі сақталып отырады. Әрбір өлең көркем полотноның бояулары іспетті бірыңғайланып, бірегейленіп жетілген жүйені құрайды. Оның өлеңдерінде жұлын бар, жүйке бар, жүйе бар, жұлынсыз жырда қимыл да қозғалыс та жоқ. Адам баласы туғаннан табиғатқа ынтық болады. Тілі шықпаған нәрестенің өзі көкке қолын созып, жымыңдаған жұлдыздарға қызыға қарайды. Ес білгеннен-ақ табиғатты Анаға балап, қастер тұтып аялаған. Табиғат құбылыстарына ерекше мән беріп, таңданып-тамсанған. Керек десеңіз, құдайындай сыйынып, табынған. Жайқалған тал-терек пен құлпырған гүлді көріп, мез-мәйрам болып әсемдік ләззәтына бөленген.

Ж. Бөдешұлы лирикаларында туып-өскен жері, Отанының көркем табиғаты кешегі өткен заманмен салыстыра суреттеледі. Ақын үшін қазақ даласының әр бұтасы, қара тасы толған тарих, қалған ескерткіш, ғасырлардың қоймасы.

«Дүниежүзілік, отандық поэзияның қай-қай ірі өкілдерінің творчествосына көз жүгіртіп отырсақ, барлық ақынның соқпай өтпейтін бір межелі нысанасы бар екенін білеміз. Ол – табиғат. Поэзия тарихында табиғатты жырламаған ақын жоқ... Табиғат – поэзияның объектісі ғана емес, оның бойына қуат беретін, өңін кіргізетін сұлулықтың арсеналы да тәрізді, тіпті көркемдік – бейнеленуі амалдарының неше алуан түрлерін ақындардың табиғаттан алатыны белгілі», – деп жазады профессор Ә. Нарымбетов [1, 152 б.]. Десе де, табиғат ортақ болғанмен, әр ақынның жырлауы түрліше. Қазақ өлең өнерінде табиғат суретін салып, қалам тербеменген автор жоқ және бұл ең көп жырланған тақырыптың бірі саналады.

Жәркен Бөдешұлының табиғат туралы өлеңдері де шынайылығымен, айшықты өрнегімен, нысанаға дөп тиер ой-қисындарымен, сезімді селт еткізер жылылығымен жүректі тербейді. Адамның өзін рухани байытудың жолы біреу ғана. Табиғаттағы сұлулықты, әсемдікті көру, сезінудің сезімді ұштайтыны секілді, ол – әдебиет пен өнердегі эстетикалық сезім бұлағынан сусындай білу» болса, табиғатқа ақындық көңіл көзімен зер салып, оның астарынан мән-мағына тауып, фило-

софиялық ой түйіндеу секілді дәстүрлі ой-орамды сөйлемдер Жәркен Бөдешұлы жырларында молынан кездеседі. Ақын жылдың төрт мезгілін түрліше бейнелеген. Асқар тау, асау өзен, жайлау, бұлақ сыңғырынан ләззат алып, ақындық қиялының қозғаушы күшіне айналған. Тамаша табиғатты, тіршілік суретін ешқандай әсерлемей-ақ жанды суреттермен жеткізе біледі. Пейзаждық лирика арқылы Жәркен өзінің ой-сезімін жеткізуге тырысқан.

А.М. Горькийдің сөзімен айтқанда «Жазушы қаламмен ғана жазбайды, ол сөзбен сурет салады» [2, 217 б.] Жәркен – осы қағиданы берік ұстанған ақын.

Ақын жырлаған қыр көріністерінің кестесі көркем, даурығу жоқ, жанды ұғу бар. Бір кездері сыншы Тұрсынжан Шапай дала туралы жазылған жырлар жайында былай дегені бар: «Шиыр емес, сартап болған көне даңғыл. Инерция. Бүгінгі поэзиямызда осынау ардақты сөз, арналы ұғымдар, жан баураған жарқын образдар жоғарыда айтқан «қадірлі ассоциаларға жетелеудің орнына оқырман санасына биологиядағы әйгілі шартты рефлекс заңына ұқсас стереотип жүйемен әсер ете бастады» [3, 155 б.]. Ал Жәркен Бөдешұлының жөні басқа. Жыр жолында көп ізденген ақынның осы сұлулықтан әсер алып қана қоймай, өлең жолдарында әсерлі жеткізуге тырысқан. Табиғаттың болмыс бейнесін жасап, оны өз кейіпкерлерінің ішкі әлемін танытуға пайдаланады. Біз ақын өлеңдерінен Боғда мен Тарбағатай, Хантәңірі мен Жайыр тауларының жанды суреттерін көре аламыз. Жәркен ақын да көзбен көру, түйсікпен тану қабілеті күшті. Ол көргенін кеңінен қамтып, бедерлі бейнелейді.

Жақындап ем қасыңа,
Шың екенсің бір шұбар
Ұя салған тасыңа,

Қыран емес, жыр шығар [4, 188 б.] , –

деген сияқты нақты да бейнелі поэтикалық жолдардан Хантәңірінің кімді болса да қызықтыратын суреттері бой көтереді. Биіктікке жаны құштар ақын асқақтықты, ірілік пен мықтылықты бойына жинаған тау бейнесін бедерлі бейнелейді. Ақынның кестелі тіл өрімдерімен жырланған тау келбеті жанды табиғаттың қайталанбас суретін көз алдыға әкеледі:

Қойнауларың құт қонар,
 Құтханаға барабар.
 Қазан-қазан сүт болар
 Сайыңдағы ала қар.
 О, Хантәңір,
 Жан тәңір,
 Құз көкірек досым-ай,
 Қанша ғасыр,
 Қанша жыл
 Тұра берші осылай.

Адам баласы болған соң пендешілікке барып, асқақтауымыз да мүмкін, осы сәтте бізге дана Хантәңірі үлгі болғандай. Ақын табиғатты адам бейнесіне теңейді. Ол бейне бір тіршілік иесіндей суреттеледі. Табиғат та адам тәрізді қуанады, сұлулана түседі. Тарбағатай суреті де өзінше бөлек.

Аңызға ақын көңілім қанбай қалып,
 Таң қалдым құдіретіне таңдай қағып.
 Жер үшін құрбан болған Бұланай ер,
 Кетіпті мынау алып тауға айналып [4, 261

б.], –

деп келетін Боғда тауы суретін қоссаңыз, автор әр өлкенің өз табиғатын бір-біріне ұқсатпай, өз сипаттарымен ерекше суреттей алған. Бұл өлеңде фольклорлық дайын сюжетті, аңызды жырлаған. Бұланай батырдың денесі тауға айналып, көзі ағып түсіп көлге айналғанын айтады. Шынында да, көршілес Қытай еліндегі Боғда тауына барсаңыз, ақынның осы өлеңінің куәсі болғандайсыз.

Жәркен Бөдешұлы табиғат пен адамның жан дүниесін астастыра суреттеуге жиі барады. Кейіпкер өміріндегі белгілі бір құбылысты табиғаттың қатысуы арқылы көз алдыңызға елестетеді. Жалпы, ақын табиғатты көп жырлап, оның өзіндік бояуларын тауып, тың образдармен молайтып, жанды қозғалыста беруге тырысқан. Мысалы, батып бара жатқан күннің керемет суретін салған «Қыр бояулары» өлеңі:

Қызғалдақтар қыр кешіп,
 Қызыл самал тұрды есіп.
 Қызыл шапақ шарпыған,
 Қызыл бұлт жүр көшіп [4, 235 б.], –

деген жолдардың бояуының әсерлігі сонша, көз алдыңызға суретшінің қаламынан туындаған картина елестейді. Кең даланы көмкерген қызыл шапақ айналадағы көріністің бәріне қызыл бояуын жаққандай. Осы сұлулықты бүлдірмейін, бұзбайын дегендей, қызыл бояу – қоңыр бояуға айналып, қоңыр бояу – қошқылданып, кара бояуға, кара бояу – ақ бояуға, ақ бояу – қызыл, жасыл, көк, сары бояуға айналған. «Адам мен табиғат болмысын үндестіре егіздей суреттеудің тамаша үлгілерін ұсынған қазақ

поэзиясы ойды бейнелі, тұспалды, астарлы түрде жеткізудің артықша тәсілдерін тауып поэтикалық мәні терең өлеңдермен байыды», – дейді Жанат Әскербекқызы [5, 346.]. Ж. Бөдешұлы өлеңдерінде де осындай үрдіс байқалады.

Ақынның Көкше өңірінде туған мына бір өлеңі де табиғаттың тылсым құдіретін бейнелі де жанды суреттер арқылы жеткізеді.

Көкшетау сен не деген кереметсің,
 Құбылып, құлпыруы-ай төңіректің.
 Гүл біткен күн көзіне жайып қойған,
 Бір киер көйлегіндей көбелектің.

Тұрғанда маңдайының тері шығып,
 Көрген жоқ құмырсқаның белі суып.
 Япырым-ай, үлбіреген гүл көйлекті

Қапыда кетер ме екен жел ұшырып [4, 133 б.].

Бар-жоғы сегіз-ақ жолдан тұратын осы бір «Жаңбырдан соң» атты лирикалық өлеңнің тұла бойы тұнып тұрған сұлулық. Сұлулық болғанда да, адам таңқаларлықтай ала бөтен сұлулық. Мұндағы көбелек пен гүлдің табиғи ортақ қасиеті – нәзіктік. Гүл де нәзік, көбелек одан да нәзік. Еншісі бөлінбеген екі мұңлықтың бірі-бірінің күні жоқ. Гүл солса, көбелек өледі. Көбелек өлсе, гүл солады. Екеуінің жауы да ортақ. Гүлді ұшырған жел емін-еркіне қоймай көбелекті де ала кетеді. Әлсіз, дәрменсіз болғандықтан, бірін-бірі қорғай алмайды. Тәнін, нәрін беріп, гүл көбелекті асыраса, жанын салып көбелек гүлді тозандатып, дер шағында қауашақ ашып, өніп-өсуіне септігін тигізеді. Сөйте тұра бұлар сұлулық әлеміне сөзбен айтып жеткізе алмас көрік беріп, ажар кіргізіп, шырайландыра түседі.

Гүл мен көбелекті жырламаған ақын жоқтың қасы. Бірақ Жәркен Бөдешұлы жаңаша жырлайды, кісіше киіндіреді, кеудесіне жан бітіріп, сізді сол тіршілікпен тіндестіре, тіл-дестіре біледі, тіпті өзіңіз де гүл мен көбелекке айналып, тілегін тілейсіз. Ақын жырларының күш-қуаты да оқырманына сезім сыйлап қана қоймай сендіре білуінде. Сендіріп қана қоймай, көбелек пен гүлдің әсемдік әлеміне ендіре білуінде. Нағыз поэзия жан біткенді қимыл қозғалысқа келтіріп, үндестікке үндейді. Өйткені А. Блок: «Ақын – үндестік ұлы» деген [6, 687 б.].

Табиғат құбылыстарында неше түрлі бояулардың, дыбыстардың жарастықты келісімін (гармониясын) көруге болады. Ақын өз өмірінде кездескен көңіл-күй құбылыстарына ұқсас жайларды толып жатқан күйлерді табиғаттан

таба білгендіктен де, оны образға айналдырып, шығармашылығына арқау етеді.

Жәркеннің «Қар да жаурайды» өлеңінде суреттелетіндей, жапалақтап жауған қардың, күміс түсті ұшқындардың иыққа, кірпікке қонғанын сан мәрте көріп, талай байқадық: «Ақынның тіл кестесінде ежелгі дәстүрлі қолданыстармен бірге өзіндік, өз заманының ерекшелігін жеткізер тіл айшықтары аз емес», – дейді Қ. Мәдібай [7, 172 б.]. Ақынның ерекшелігі тылсым табиғаттың осындай қарапайым көріністерінің өзіне де көңіл көзімен қарап, құпия сырын ашуға тырысады. Көп көрмегенді ақын көретіні, алдымен аңғаратыны сондықтан

...Аяз қарыса саршұнақ,

Боран ұлыса қарсылап.

Ып-ыстық қойынға тығылып,

Қар да жаурайды қалтырап [4, 240 б.].

Ақын көзімен қарасақ, қар екеш қар да жаурап, жылылықты аңсайды екен. Әйтпесе, ыстық алақанға қонған қар ұшқындары неге еріп, неліктен еміреніп кетеді. Жылылыққа сүйсініп-сүйінгендіктен болса керек. Бұл қағиданы арқалы ақын дәлелдеп жатпайды, сөзбен суреттеп әркімге әртүрлі ой салады.

Көрдіңіз бе, біз осы уақытқа дейін қар жауратады, қар қалтыратады, деп келсек, қардың өзі де «қалтырап» қардың өзі де

«жаурайды» екен. Өлең – өткел, өмір өткелі, сезім өткелі... Ақын өзінше өткел сала біліпті. Жалпы, Ж. Бөдешұлы поэзиясында ұлттық бояуы қанық, бедерлі нақыштар аз емес.

Теріскейде жатқан сонау қасат қар,

Қыстан қалған масақ қар –

Жаздың ыстық шілдесінде,

Ақбоз үйдің іргесінде,

Көлеңкелеп жатқан ала төбеттей.

Ала төбет лағып кетер көп өтпей...

Ыстық аптап – суық қармен егессе,

Қар шыдамай еріп кетеді емес пе? [4, 256 б.].

Бірден көз алдында тұра қалатын айшықты, дәл сурет. Қазақ ақынының ғана назары шалатын оқшау көрініс.

1. Нарымбетов Ә. Дәуір және поэзия. – Алматы, 1970. – 152 б.

2. Горький А.М. Шығармалары. – М., 1973. – Т.27. – 217 б.

3. Шапай Т. Шын жүрек – бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. – 256 б.

4. Бөдешұлы Ж. Емендер түнде бүрлейді. – Алматы: Ана тілі, 2002. – 303 б.

5. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. – Астана: Таймс, 2008. – 296 б.

6. Блок А. и Андрей Белый. Диалог поэтов. – М.: Высшая школа, 1990. – 687 с.

7. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 196 б.

А. Д. Селиванова

ОСОБЕННОСТИ ФОРМЫ РОНДО В ТВОРЧЕСТВЕ КАРЛА ОРЛЕАНСКОГО

Рондо был излюбленным жанром лирической средневековой поэзии. Пройдя двухвековой путь развития (XIII–XV вв.), претерпевая различные структурные модификации, к XIV веку рондо достиг расцвета в творчестве Карла Орлеанского — последнего классика поэзии позднего средневековья. Им будет создано 344 образца в данном жанре и изобретено 29 жанровых форм рондо. Их некоторые специфические особенности будут рассмотрены в данной статье.

По ценному замечанию П. Н. Медведева,

«прежде чем искать законы развития литературных форм, нужно знать, чем являются эти формы» [4, 37]. Корни жанра рондо¹ восходят к большой куртуазной песне, являющейся «сложной формой, чьи изощренные правила были унаследованы от аквитанских трубадуров, но которая словно бы достигла у французов высшей чистоты благодаря еще более строгому либо абстрактному воображению...» [3, 192].

Точное время возникновения пражанра рондо неизвестно. Большая куртуазная песнь также называлась кансоной (у трубадуров), или

¹ По некоторым сходным композиционным, а также тематическим элементам рондо принято объединять с балладой и виреле. Поэтому большая куртуазная песнь явилась пражанром не только рондо, но также и баллады, и виреле.